



СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады

Апта сайын жарық көреді

E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

www.syrtabigaty.kz

ӘЛЕМДІК «WORLD CLEANUP DAY» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ



20 қыркүйек күні бүкіл әлемде өтетін «World CleanUp Day» акциясы аясында Республика аумағында қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға және халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кең ауқымды экологиялық бастама жүзеге асырылды.

Акцияның ауқымына тоқталсақ: республика бойынша сенбіліктерге 422 мыңнан астам адам қатысты, оның ішінде 135 мыңнан астам жуық мемлекеттік орган өкілдері және 52 мың еріктілер. Өсіресе

жастар белсенділік танытты - студенттер, мектеп оқушылары, жастар ұйымдарының және волонтерлік қозғалыстардың мүшелері. Олар тек қатысуға ниет білдіріп қана қоймай, қоршаған ортаның болашағы үшін жауапкершілікті өз мойындарына алуға дайын екендіктерін көрсетті.

Экологиялық науқан барысында түрлі аумақтарда - қалалық көшелерден бастап су айдындарының жағалаулары, саябақтар, орман алқаптары мен елді мекендердің шет аймақтарына дейін тазалау жұмыстары

жүргізілді. Жалпы алғанда 9 мың гектар жер тазартылып, 12 мың тоннадан астам қоқыс жиналды.

Кампания аясында көгалдандыру жұмыстарына да ерекше көңіл бөлінді. Акцияға қатысушылардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде 18 мың астам ағаш пен бұта отырғызылды.

Жасалған жұмыс қорытындылары, қатысушылар саны және қол жеткізілген нәтижелер еліміз тарихындағы ең ауқымды экологиялық іс-шаралардың бірі ретінде КИНЭС рекордтар кітабына тіркеуге ұсынылды.

Экологиялық акция «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасының аясында өтті. Бұл бастама аумақтарды тұрмыстық қалдықтан тазартуға, азаматтардың жауапкершілігін арттыруға және экологиялық мәдениетті нығайтуға бағытталған. Осы күні ұйымдастырылған жаппай сенбіліктер барша халықтың ортақ мақсатын - қоршаған ортаны таза, қауіпсіз әрі денсаулыққа қолайлы ету жолындағы бірлігін көрсетті.

Әрбір қатысушыға бейжай қарамағаны, белсенді азаматтық ұстанымы, табиғатты қорғауға қосқан үлесі және еліміздің болашағына деген шынайы жанашырлығы үшін алғыс айтамыз. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікпен және жауапкершілікпен жасалған ең қарапайым әрекеттердің өзі үлкен өзгерістердің бастамасына айнала алады.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
Министрлігі, www.gov.kz материалдар
бойынша, фото: www.gov.kz.

В КАЗАХСТАНЕ ВЫСАДЯТ БОЛЕЕ 4 МЛН ДЕРЕВЬЕВ НА ИНВЕСТИЦИИ В 1 МЛРД ТЕНГЕ



Фонд «Nalyk» и Министерство экологии и природных ресурсов совместно реализуют проект по созданию новых лесных массивов в Казахстане. Соответствующий меморандум о сотрудничестве подписали 16 сентября, передает корреспондент агентства Kazinform.

Инициативу финансирует фонд «Nalyk» Тимура Кулибаева. На проект направят 1 млрд тенге. Работы проведут на территориях государственного природного резервата «Семей орманы», Иле-Алатауского национального природного парка и зеленого пояса столицы, где высадят более 4 млн деревьев и саженцев. Проект соответствует курсу, обозначенному Президентом Казахстана Касым-Жомартом Токаевым в Послании, в котором подчеркивается необходимость бережного и ответственного

отношения к окружающей среде, а также поддерживает реализацию национальной концепции «Таза Qazaqstan».

Инициатива направлена на восстановление экосистем, сохранение биоразнообразия и предотвращение экологических катастроф. Особое значение проект приобретает в связи с лесными пожарами в «Семей орманы» летом 2023 года, когда огнем было уничтожено более 60 тыс. гектаров леса.

– Самое значимое мероприятие, которое следует из подписанного меморандума, это воспитание подрастающего поколения и привитие экологической культуры. Мы всегда стараемся привлечь население к высадке деревьев, ведь человек, который посадил хотя бы одно дерево, никогда не сломает ветку, – отметил министр экологии и природных ресурсов Ерлан Нысанбаев.

12+ №34(512)

қыркүйек
24 септембрі 2025
september
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

СОВРЕМЕННЫЙ ЦЕНТР
ОБРАБОТКИ ДАННЫХ
ПО ВОДОУЧЕТУ
ПОЯВИТСЯ В КАЗАХСТАНЕ



ЧИТАЙТЕ НА 3-Й СТРАНИЦЕ

ПОЧЕМУ НЕЛЬЗЯ ЖЕЧЬ
ОСЕНЬЮ НА ДАЧЕ
ТРАВУ И ЛИСТВУ:
НЕСКОЛЬКО ПРИЧИН



ЧИТАЙТЕ НА 4-Й СТРАНИЦЕ

120 ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ
СООРУЖЕНИЙ ПРИМУТ
В ГОССОБСТВЕННОСТЬ
ДО КОНЦА ГОДА В РК



ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ КЫЗЫЛОРДА	Ср., 24 сентября 2025	Чт., 25 сентября 2025	Пт., 26 сентября 2025	Сб., 27 сентября 2025	Вс., 28 сентября 2025	Пн., 29 сентября 2025	Вт., 30 сентября 2025
Источник: gismeteo.kz	Ясно +27°C +13°C 4 м/с СВ 66% влажн. 755 мм рт.ст.	Ясно +27°C +15°C 9 м/с В 46% влажн. 749 мм рт.ст.	Ясно +27°C +13°C 3 м/с ЮЗ 57% влажн. 748 мм рт.ст.	Ясно +28°C +13°C 4 м/с ЮЗ 51% влажн. 752 мм рт.ст.	Облачно +23°C +14°C 3 м/с С 54% влажн. 752 мм рт.ст.	Пасмурно +18°C +12°C 2 м/с В 61% влажн. 752 мм рт.ст.	Малооблачно +18°C +8°C 4 м/с З 68% влажн. 752 мм рт.ст.

ҚҰТЫРУ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Құтыру - орталық жүйке жүйесін зақымдайтын, қоздырғышы қатынас арқылы берілетін, ұзақ инкубациялық кезеңмен жүретін, емделуі қиын, аса қауіпті, вирусты жұқпалы ауру. Онымен жан-жануарлар және адамдар ауырады. Үй жануарлары (ит, мысық, жылқы, шошқа, ұсақ және ірі қара малдар) және жабайы аңдар (түлкілер, қасқырлар, тышқандар, кеміргіштер, т.б.) вирус көзі болып табылады. Алайда көктем-күз кездерінде адамдар үшін түлкілер мен қаңғыбас иттер көп қауіп төндіреді. Жалпы ауру вирусы жануардың сілекейі арқылы бөлінеді. Мәселен құтырмамен ауыратын ит адамды қауып алғанда, тырнағанда, жарақаттанған ағзаға сілекей түсіп, вирус ішке енеді. Сөйтіп жұлын мен миды және барлық ағзаны зақымдайды. Ісіну, қан құйылу, бас және жұлын жүйке жасушаларында өзгерістер пайда болады. Вирус сондай-ақ ашық жарақаттармен қоса,



ауыз және көздің сілемейлі қабықтары арқылы да кіреді. Әсіресе, басты, бетті, мойын, алақан мен саусақтарды тістеу жағдайлары қауіпті. Өйткені мұндай жағдайда клиникалық белгілер тез пайда болып, ауру жылдам асқынады. Бас және бетті тістеп алған кезде құтырмамен ауру қауіп 90%-ды, қолды тістеп алу – 63%-ды, қол, аяқ буындары 23%-ды құрайды. Аурудың инкубациялық кезеңі 10 күннен 3-4 айға (кейде бір жылға) созылуы мүмкін, көбіне 30-90 күн. Науқас адамның сілекейінде, түкірігінде вирус болады. Сондықтан науқаспен қарым-қатынас барысында сақтық шараларын сақтаған жөн. Вирус сыртқы ортаға төзімсіз, 56С-қа дейін қыздырса, 15 минутта, қайнатқанда 2 минутта өліп қалады. Ультракүлгін және тікелей күн сәулелеріне, этанола және көптеген залалсыздандырушы дәрілерге сезімтал. Бірақ төменгі температураға, фенолға, антибиотиктерге төзімді.

Ауру кезеңі қауіпті дерт үш кезеңнен тұрады:

Бастапқы кезеңі 1-3 күн. Дене қызуы 37,2-37,3°C дейін көтеріледі, көңіл-күйі болмайды, ұйқысы нашарлайды, ұйқысыздық пайда болады, мазасызданады. Тістеп алған, жарақаттанған жердің орны бітелсе де қатты ауырады. Қозу кезеңі 1-4 күнге созылады. Ашық түске, жарыққа, түрлі дыбыстарға сезімталдық артып, коза түседі, шулы дауыс аяқ-қол бұлшық еттерінің қалтырап, дірілдеуін туғызады. Қорқыныш, үрей сезімі пайда болады. Ауру белгілері: Құтыру ауруының алғашқы белгілері: әлсіздік, бас ауруы, жалпы сырқаттану, табеттің болмауы, дене қызуының көтерілуі, жөтел, тұмаурату, тамақ ауруы, іш ауруы, жүрек айну, құсу, іштің өтуі. Қауып алған, тістеген жер қызады, қызарады, ауырады, қышиды, сезімталдығы артады.

Емдеу және алдын алу: Құтыру ауруын белгілі бір емдеу әдісі жоқ. Бірақ аурудың бетін қайтаратын, вирусты өлтіретін тәсілдер: Арнайы алдын алу шаралары – құтыруға қарсы арнайы вакцина енгізу. Жалпы құтырмамен көбіне дәрігерге дер кезінде бармаған немесе мамандар көмегін қажетсінбеген, екпе уақыт тәртібін бұзған және иммундау курсы аяқтамаған адамдар ауырады. Екпе барлық травматологиялық мекемелерде салынады. Демек ит қауып немесе мысық тырнап алған, жабайы хайуандардан зардап шеккендердің барлығы сонда баруы тиіс. Уақыт өткізіп алмау керек. Вакцина бұлшық етішілік 0-ші, 3-ші, 7-ші, 14-ші, 28-ші күндері салынады. Зардап шеккен адамға кейде вакцинамен бірге антирабиялық иммуноглобулин тағайындайды. Адамға шабуыл жасаған итті немесе мысықты білетін болса, оған 10 күн бойы бақылау жасалады. Осы уақыт аралығында жануар тірі қалса, екпе тоқтатылады. Демек, құтырмаға қарсы иммундау курсы белгілеу үшін зақым келтірген жануардың иесін анықтау қажет, яғни жануардың жағдайы туралы ветеринарлық анықтама түскенде егілу курсы қысқартылады. Ал қаңғыбас иттер, иесіз мысықтар, жабайы жануарлар тістесе немесе тістеген хайуан 10 күн бойы бақылауға алынбаған жағдайда (өліп қалса, жоғалып кетсе, т.б.) егілу курсы толық жүргізіледі. Иттер, мысықтар және басқа жануарлардан зардап шеккен тұлғалар құтырмаға қарсы белгіленген егілу курсы толық қабылдаулары қажет. Егер құтырумен ауырған жануардан зардап шеккен адамға уақытында медициналық көмек көрсетілмесе немесе зақым алған тұлға белгіленген курсты өз еркімен бұзса, бұл «гидрофобия» ауруына әкелуі мүмкін, ондайда оған көмек көрсете алмайды.

А.Б. МУСІЕВА,

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

БАЛАЛАР АРАСЫНДА МИОПИЯ (КӨРУ ҚАБІЛЕТІНІҢ НАШАРЛАУЫ) АУРУЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ

Балалар көзінің саулығы- болашақтың кепілі.

Қазіргі таңда қоғамымыздың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі-балалар арасындағы миопия, яғни



алыстан көрмеушілік дертінің өршуі. Бұл құбылыс соңғы жылдары ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Ғылым мен технология дамыған сайын жас ұрпақтың бос уақытын смартфон, планшет, компьютер алдында өткізуі қалыпты жағдайға айналды. Дегенмен, оның көзге тигізер зиянын естен шығармаған жөн.

Миопия дегеніміз не?

Миопия- көздің көру қабілетінің бұзылысы, яғни алыстан көрмеушілік. Бұл жағдайда адам жақын заттарды жақсы көреді, бірақ алыстағы нәрселерді анық көре алмайды.

Миопияның белгілері:

Жасөспірімдерде бірден байқала бермейді. Бала тақтаға жазылғанды анық көрмейді, көзін сығырайта қарауы, кітапты немесе телефонды көзіне тым жақын ұстауы- ата-ананың назар аударуына себеп. Көбіне көздің шаршауы, бас ауруы сабақ оқудағы құлықсыздықта көру қабілетінің

әлсіреуінен туындайды.

Мамандардың айтуынша, миопияның негізгі себептері- көзге шамадан тыс салмақ түсуі, табиғи жарықтың жеткіліксіздігі, баланың аз қимылдауы, таза ауада серуеннің аздығы. Сонымен бірге ұйқы режимінің бұзылуы, дұрыс тамақтанбау да көздің саулығына әсер етеді.

Алдын алу жолдары:

- Баланың оқу орны жарық әрі қолайлы болуы шарт.
 - Кітап пен дәптерді көзден шамамен 30-35 см қашықтықта ұстаған жөн.
 - Ұзақ уақыт оқу немесе гаджет қолдау кезінде әр 30-40 минут сайын көзге арнайы жаттығу жасап, тынықтыру қажет.
 - Таза ауада ойнап, спортпен шұғылдану- көздің қан айналымын жақсартып, көру қабілетін нығайтады.
 - Смартфон мен компьютерге бөлінетін уақыт қатаң шектелуі тиіс.
 - Жылына бір рет көз дәрігерінің тексеруінен өту- әр баланың міндетті әдетіне айналуы қажет.
- Қорытындылай келе, жас буынның көзі - елдің ертеңі. Баланың қырағы көзі - оның болашағының шамшырағы. Сондықтан ата-анада, ұстазда, қоғам да бүлдіршіндеріміздің көру қабілетін сақтау ісіне бейжай қарамай, ортақ жауапкершілікті сезінгені абзал.

А.МЕРГЕНОВА,

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының санитариялық-гигиеналық бақылау бөлімінің бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

ИТОГИ ВСТРЕЧИ МИНИСТРА ЭКОЛОГИИ И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН С ГЕНЕРАЛЬНЫМ ДИРЕКТОРОМ ИСЕСКО



Состоялась встреча Министра экологии и природных ресурсов Республики Казахстан Е. Нысанбаева с Генеральным секретарем Организации исламского мира по вопросам образования, науки и культуры (ИСЕСКО) д-ром Салимом бин Мухаммад аль-Маликом.

В ходе встречи были рассмотрены актуальные вопросы сотрудничества в области экологии, устойчивого развития и обмена опытом.

Отметив, что Казахстан рассматривает ИСЕСКО как важного стратегического партнёра, Министр пригласил Организацию принять активное участие в работе Регионального экологического саммита в 2026 году в Астане. Стороны согласились рассмотреть возможность проведения 10-ой Конференции министров охраны окружающей среды ИСЕСКО на полях Саммита.

Стороны также обсудили вопрос участия в 30-й Конференции Сторон РКИК ООН (COP30), которая состоится в 2025 году в Бразилии. Казахстан подтвердил готовность активно участвовать в формировании совместных инициатив и продвижении региональных интересов на международных климатических переговорах.

Вместе с тем, в ходе своей речи доктор Салим М. Аль-

Малик подчеркнул важность научного и образовательного взаимодействия по решению экологических вызовов. Он выразил заинтересованность в получении поддержки со стороны Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан по включению направления экологии в факультет ИСЕСКО, созданного на базе КазНУ имени аль-Фараби.

В ходе беседы Министр рассказал о проводимой Казахстаном работе по увеличению площади лесного фонда и достижениях страны в этом направлении. Это получило положительный отклик со стороны ИСЕСКО и Салим аль-Малик предложил поделиться опытом Казахстана с африканскими странами-участниками Организации.

По итогам встречи стороны подтвердили готовность к дальнейшему углублению сотрудничества и реализации совместных проектов для обеспечения устойчивого будущего.

По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, www.gov.kz, фото: www.gov.kz.

О ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГАХ В СФЕРЕ ЕСТЕСТВЕННОЙ МОНОПОЛИИ

Департаментом Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области оказываются 4 государственные услуги для юридических лиц и индивидуальных предпринимателей.

1) «Выдача лицензии на деятельность по покупке электрической энергии в целях энергоснабжения»;

2) «Выдача согласия на совершение сделок с имуществом субъекта естественной монополии, если балансовая стоимость имущества, в отношении которого совершается сделка, учтенная в бухгалтерском балансе на начало текущего года превышает 0,05 процента от балансовой стоимости его активов в соответствии с бухгалтерским балансом на начало текущего года»;

3) «Выдача согласия на реорганизацию и ликвидацию субъектов естественных монополий»;

4) «Включение и исключение из Государственного регистра субъектов естественных монополий».

На сегодняшний день огромное внимание уделяется созданию благоприятных условий для получения государственных услуг, обеспечению их доступности всем услугополучателям. Департаментом все государственные услуги оказываются только

в электронном виде. Для получения услуг в сфере регулирования естественных монополий услугополучателю необходимо подать заявление с приложением документов через веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz.

В Департамент с начала 2025 года поступило 4 заявления о выдаче согласия на совершение сделок с имуществом субъекта естественной монополии, если балансовая стоимость имущества, в отношении которого совершается сделка, учтенная в бухгалтерском балансе на начало текущего года, превышает 0,05 процентов от балансовой стоимости его активов в соответствии с бухгалтерским балансом на начало текущего года» - 1 отказано, о включении и исключении из Государственного регистра субъектов естественных монополий» - 3, из которых 1 – отказано в связи с непредставлением полного пакета документов, 2 – удовлетворено.

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области.



БОТУЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Ботулизм - орталық жүйке жүйесінің ауыр зақымдануымен өтетін, тіпті өлімге әкелуі мүмкін, бірақ салыстырмалы түрде сирек кездесетін ауру. Бұл әдетте ластанған тағамдарда түзілетін жоғары белсенді ботулизм токсиндерін тұтыну нәтижесінде пайда болатын интоксикация. Ботулизм адамнан адамға берілмейді. Өндіретін споралар Клостридиум ботулиnum жоғары температураға төзімді және қоршаған ортада кең таралған. Ботулиnum токсиндері ағзаға дұрыс өңделмеген тағамдарды, түрлі консервілерді (саңырауқұлақтар, компоттар), тұздалған балық, ет өнімдерін, шұжықтарды жеген кезде түседі. Негізгі симптомдары - әлсіздік және

бас айналу, бұлыңғыр көру, ауыздың құрғауы, жұту мен сөйлеудің қиындауы. Құсу, диарея, іш қату және кебулер де болуы мүмкін. Симптомдар әдетте 12-36 сағаттан кейін (кем дегенде 4 сағаттан кейін және ең көбі 8 күннен кейін) пайда болады. Ауру 5-10% жағдайда өліммен аяқталуы мүмкін. Ботулизмнің алдын алу емдеуге қарағанда әлдеқайда оңайырақ. Оны жұқтыру қауіпін азайту үшін бірнеше ережелерді сақтау маңызды: -үйде консервілер мен банкаларды дайындау кезінде көкөністер мен саңырауқұлақтарды мұқият жуу; -балық, ет және көкөніс консервілерін термиялық өңдеуден өткізу - ботулиnum токсині кем дегенде 10 минут қайнатқанда жойылады; -сатып алудан бұрын және тамақтанар алдында мұқият тексеру - қақпағы ісінген немесе зақымдануы бар тағамдарды тұтынбау; -тазалық және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау. Егер үйдегі консервілерді, ысталған тағамдарды жегеннен кейін денсаулық жағдайыңыз нашарласа, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Сондай-ақ тамақ қалдықтарын тастамау өте маңызды - бұл тезірек диагноз қоюға және дұрыс емдеуді бастауға көмектеседі. Осы аталған қарапайым қағидаларды сақтау арқылы өзіңіз бен жақындарыңыздың денсаулығын сақтауға үлес қоса аласыз.

А.Қ.ТАЖМАХАНОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ МІНДЕТ!

Мемлекеттің мәртебесі мен оның халқының болашағына зияны күшті жемқорлықтың жолын кесіп, жою әрбір мемлекеттің қызметкер мен азаматтың міндеті, әрі борышы. Бұл туралы еліміздің бірқатар заңнамаларында да нақтылап көрсетілген.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) жеке құрамы мен олармен байланыстағы сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, салық төлеушілерге сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдардың беделіне үлкен зиян келтіретін қылмыс және оның зардабының ауырлығы тұрақты түрде түсіндіріліп келеді.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз - мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі тұлғалардың сатылғыштығы, паракорлығы. Бұл жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. Атап айтқанда, осы керексіз әрекетті болдырмау, алдын алу үшін, сыбайлас жемқорлық үшін тәртіптік, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, қолданылуда.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды

тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Қазіргі таңда, Департамент тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаментінің Қызметтік тергеу бөлімі.

СОВРЕМЕННЫЙ ЦЕНТР ОБРАБОТКИ ДАННЫХ ПО ВОДОУЧЕТУ ПОЯВИТСЯ В КАЗАХСТАНЕ



Министерством водных ресурсов и ирригации разрабатывается биллинговая система РГП «Казводхоз», предназначенная для автоматизации процессов подачи заявок, заключения договоров и расчетов на подачу воды. То есть, в рамках этой системы «Казводхоз» начнут заключать электронные договора с фермерами, а оплата будет производиться через мобильные приложения банков второго уровня. Эта работа уже находится на стадии завершения. Об этом сообщил вице-министр водных ресурсов и ирригации РК Аслан Абдраимов в ходе пресс-конференции в ЦІҚ.

Ожидается, что до конца текущего года система будет интегрирована с необходимыми государственными базами данных. Помимо подачи заявок и заключения договоров в электронном формате повысится скорость и станет удобным взаимодействие с пользователями водных ресурсов.

Спикер отметил, что с начала 2025 года в Казахстане при поддержке ПРООН адаптируется система прогнозирования стока на базе TALSIM-NG. Эта современная гидрологическая и гидравлическая модель предназначена для моделирования речных бассейнов, управления водохранилищами и прогнозирования стока в различных климатических и водохозяйственных условиях.

«В текущем году в период половодья модель была адаптирована для бассейнов рек Нура и Есиль. На данный момент успешно адаптированы бассейны рек Жайык и Сырдария. До конца текущего года планируем завершить работу по основным бассейнам

рек. Для достижения стратегических целей по охвату цифровыми технологиями не менее 40% объектов водной инфраструктуры к 2030 году Министерством совместно с РГП «Казводхоз» проводится ряд важных мероприятий. С 2026 года начнется масштабная реконструкция и автоматизация 103 каналов, что позволит значительно повысить эффективность водоснабжения и управления водными потоками. Также активно ведется разработка проектно-сметной документации на автоматизацию 264 каналов. Планируется, что данные работы будут завершены до 2028 года», - сказал Аслан Абдраимов.

Также сообщается, что в Казахстане планируется создание современного центра обработки данных, куда будет поступать информация о водоучете из всех регионов страны. Это, по словам спикера, позволит в реальном времени мониторить подачу и распределение воды, а также оперативно реагировать на возникшие проблемы.

«Особое внимание стоит уделить тому, что в реализации этих мероприятий активно задействованы отечественные производители оборудования, включая поставку и установку автоматизированных затворов. Это не только обеспечит надежность внедряемых решений, но и стимулирует развитие национальной промышленности, создавая новые рабочие места, а также укреплять технологическую независимость Казахстана», - подытожил Аслан Абдраимов.

По материалам Kyzylorda-news.kz, фото: freepik.com.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАС ОТАНДАСТАРЫМЫЗ 19,04 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫН ПАЙДАЛАНЫДЫ

2024 жылдың 1 ақпанынан бастап (2025 жылғы 1 қыркүйектегі деректер бойынша) 19,04 млн АҚШ долларына 139 774 өтініш орындалды (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 12,25 млн АҚШ долларына 87 841 өтініш, білім алу ақысын төлеу үшін 6,79 млн АҚШ долларына 51 933 өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, ақшаның пайдаланылмаған қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қала береді.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (11,98 млн АҚШ долларына 85 735 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 92,13 мың АҚШ долларына 700 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 62,27 мың АҚШ долларына 514 өтініш.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (6,08 млн АҚШ долларына 45 901 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (499,07 мың АҚШ долларына 4 309 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (174,03 мың АҚШ долларына 1 411 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді. 2023 жылы барлық НЖ алушыларына 100,52 АҚШ доллары, 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға ағымдағы жылы 3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағы 100,52 АҚШ долларына тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да 232,94 АҚШ доллары жинақталды.

Кәмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен танысып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап ала аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q28OM> сілтемесі бойынша көруге болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

"Чекті талап етіңіз, жүлдені ұтып алыңыз" акциясы қайтадан іске қосылды! Тек екі шарты бар: «Amian» қосымшасын және берілген күні 24 сағаттан аспайтын кез-келген фискалдық чекті қосымшаға жүктесеңіз болды, сіз науқанға қатысушы болып шыға келесіз! Күн сайын 5 мың теңгеден 10 мың теңгеге дейін ұтыс ойыны қарастырылған. Бұнымен қоса, тоқсанына бір мәрте Қазақстанның әр облысында қосымшаға жүктелген фискалдық чектер саны бойынша көшбасшы айқындалатын болады. Ол 100 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Күн сайын чекті талап етіңіз және нақты ақшаны, нақты ақшаны ұтып алыңыз!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті.

Акция "Требуи чек, выиграй приз" снова работает! Всего два условия: приложение «Amian» и любой фискальный чек с датой выдачи не более 24 часов загруженный в приложение и всё вы уже участник акции. Каждый день розыгрыш от 5 до 10 тысяч тенге. И это еще не всё, раз в квартал в каждой области Казахстана будет определен лидер по количеству фискальных чеков, загруженных в приложение. Он получит вознаграждение в размере 100 тысяч тенге. Требуи чек каждый день и выигрывай реальные деньги, реальные деньги!

Департамент государственных доходов по Кызылординской области.

ТЕМІР ТАПШЫЛЫҒЫ «АНЕМИЯ» ТУРАЛЫ

Анемия - бұл қанның көлем бірлігінде гемоглобин мөлшерінің төмендеуі және эритроциттер санының азаюы, бұл тіңдерде оттегінің тапшылығына әкеледі/гипоксия деп аталады.


Гемоглобин (темір+ақуыз) оттегімен байланысып эритроциттер арқылы оны тіңдерге тасымалдайды. Бұнда гемоглобин оттегін қалдырып көмірқышқыл газын алады. Осылайша ағза тіңдерінде газ алмасу процесі жүреді.

Осы функцияны орындау үшін қажетті кез-келген компоненттердің жетіспеушілігімен денеде анемия дамиды. Ең жиі кездесетін анемия темір жетіспеушілікті болып табылады, сонымен қатар В12 немесе фолии тапшылықты (олар эритроциттердің синтезі қажетті), темірді қорға жинайтын ақуыздың жетіспеу түрінде кездеседі.

Темір тапшылығы анемиясының себептері:

- темірге деген қажеттіліктің жоғарылауы жағдайы жиі адамдарда кездеседі, маселен- жүктілік кезінде, омыраумен емізуде,
- қыз - келіншектерде ай сайынғы қан жоғалту
- дененің белсенді өсуі мен дамуында (нәрестелерде 5 жасқа дейінгі балаларда),
- ауыр физикалық жүктеме кезінде темірді шамадан тыс шығындау,
- дұрыс тамақтанбау.

Патологиялық себептер келесімен байланысты болуы мүмкін:



- тұқым қуалайтын аурулармен,
- асқазан-ішек жолдарының әртүрлі ауруларына байланысты темір сіңірілуінің төмендеуі (ферментопатия, жіңішке ішектің аурулары оның ішінде хирургиялық операциялары),
- бүйрек пен бауырдың белок-синтезінің қызметтерінің бұзылуы,
- жасырын қан кету,
- тағы да басқа себептерімен.

Анемияның белгілері:

- терінің, еріннің және шырышты қабаттардың бозаруы,
- әлсіздік, шаршаудың жоғарылауы, ұйқышылдық,
- бас айналу, құлақтың шуылы,
- көз алдында жыпылықтайтын «шыбындар» ұшу,
- енгіту, жүрек қағу, пульстің жиі болуы және т.б.

Есіңізде болсын!!! Бұл белгілердің болмауы анемияның болуын жокқа шығармайды, себебі жеңіл және орташа формалары жасырын болуы мүмкін

Анемияның алдын алу.

1. Дұрыс тамақтану:

- темірге бай - бауыр, ет, балық, анар, алма, қызылша, сұлы мен қарақұмық жармаларын жиі тұтыну,
- В12 дәрумен көзі - ет, құс еті, ішкі өнімдер, теңіз өнімдері, сүт, ірімшік, жұмыртқа,
- Фолий қышқылы – жасыл жапырақты көкөністер, брокколи, бұршақ дақылдары, апельсин, банан, өрік т.б.
- С дәрумен көзі – итмурын, қарақат, таңқурай, бүлдірген, қырыққабат, болгар бұрышы т.б.

2. Зиянды әдеттерден арылу (темекі шегу және алкогольді ішімдіктерден бас тарту).

3. Дене белсенділігін жоғарылату (күніне 30 минуттан кем емес денешынықтыру).

4. Уақытылы профилактикалық медициналық тексеруден өту (қан анализін тапсырумен).

А.Қ.ТАЖМАХАНОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР



Қоғамдық тамақтану - тамақ өнімдерін өндірумен, қайта өңдеумен, өткізумен және пайдалануды ұйымдастырумен байланысты кәсіпкерлік қызмет.

Тамақтану нысандарында қолданыстағы стандарттың талаптарына сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Жұмысқа керекті өндірістік үстелдер, бөлшектеу мүкәммалдары, ас үй ыдыстары әріптік және түстік таңбалаумен таңбаланады. Жарықшағы бар, шеті ұрылған, қалпы бұзылған ыдыстарды қолдануға болмайды. Әрбір технологиялық операциядан кейін бөлшектеу мүкәммалы, ыдыс-аяқ механикалық жолмен тазартылып, жуу құралдарын қолдану арқылы ыстық сумен жуылып, ыстық ағын сумен шайылады. Етті шабу үшін бөлшектеу тактайшалары, дінгектер беті тегіс және саңылаусыз тактайшалар пайдаланылады. Күнделікті жұмыс аяқталғаннан кейін ағаш дінгектерді тазартылып, түз себіледі. Тамақ қалдықтары жабылатын таңбаланған ыдысқа жиналады. Тоңазытқыш камераларының ішкі бетінде, тоңазыту жабдығының салқындатқыш ыдысында, тамақ өнімдері бар қаптамасында қар мен мұздың пайда болуына жол бермеу. Азық-түлік шикізатын, жартылай фабрикаларды және дайын тамақ өнімдерін бір тоңазытқыш жабдықта бірге сақтаған жағдайда өнімнің тауарлық көршілестігін сақтау. Бұл ретте дайын тамақ өнімдерін сақтау жоғарғы сөрелерде, салқындатылған етте, құс етінде, балықта, көкөністерден жасалған жартылай фабрикаларда - төменгі сөрелерде сақталады.

Тағам, ұннан жасалған аспаздық және кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде темір тапшылығы мен йод тапшылығы

ауруларының алдын алу мақсатында йодталған ас тұзы және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен және басқа да заттармен байытылған (фортификацияланған) жоғары және бірінші сұрыптағы бидай ұны пайдаланылады. Мынадай тамақ өнімдерін: ластанған немесе қабығы зақымдалған жұмыртқаларды, сондай-ақ сальмонеллез бойынша қолайсыз шаруашылықтардан алынған жұмыртқаларды; суда жүзетін құстардың жұмыртқаларын және олардан тағам дайындауға; ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігі бойынша қолайсыз, сондай-ақ бастапқы өңдеуден және пастерлеуден өтпеген шаруашылықтардан алынған сүт және сүт өнімдерін; пастерленбеген сүттен жасалған сүзбені; өнеркәсіптік емес (үйде дайындалған) дайындалған герметикалық қаптамадағы көкөніс, ет, балық, саңырауқұлақ консервілерін, сондай-ақ банкалардың герметикалығы бұзылған консервілерін, бомбаждау, "хлопуши", тот басқан, пішіні бұзылған банкаларды; зиянкестерімен залалданған жарманы, ұнды, кептірілген жемістерді қабылдауға және пайдалануға жол берілмейді. Өзіндік иісі бар тамақ өнімдерін бөгде иісті қабылдайтын, сіңіретін тамақ өнімдерінен бөлек сақтау, тасымалдау керек.

Тамақтану объектілерінде: жәндіктер мен кеміргіштердің болуына; дезинсекция және дератизация жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде өндірістік үй-жайларда тамақ өнімдерін сақтауға және дайындауға; дезинсекция және дератизация жүргізу кезінде келушілер мен персоналдың болуына жол берілмейді.

Тамақ өнімдерін қабылдау кезінде оның қадағалануын қамтамасыз ететін тауардың ілесіпе құжаттарымен, қауіпсіздігін растайтын, сәйкестігін бағалау (растау) туралы құжаттары болғанда қабылдау. Тез бұзылатын тамақ өнімдері үшін тауардың ілесіпе құжаттарында өнімнің дайындалған уақыты мен күні, сақтау температурасы және жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

Тамақтану объектісінің жұмыскерлері жеке және өндірістік гигиенаны сақтау, қолдарының таза болуын қадағалап, таза арнайы киім мен аяқ киім киюін қамтамасыз ету.

Жұмыстың басталуы алдында паштарын қалпақ немесе орамал астына жинау, зергерлік әшекейлерін, сағаттарын және басқа сынаптын заттарды шешу, тырнақтарын қысқартып алу және оларды лақпен боямау, ер персонал – сақал (мұрт) болса, оларға арналған тор киюі керек.

Тамақтану объектілерінде, міндетті, профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтпеген немесе денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа жарамсыз деп танылған, медициналық қарап-тексеруден және гигиеналық оқытудан өткенін куәландыратын құжаты жок адамдар жұмысқа жіберілмеуі керек.

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

«БЖЗҚ» АҚ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ 98% ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА КӨРСЕТІЛЕДІ

Соңғы жылдарда «БЖЗҚ» АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) цифрлық форматта көрсетілетін қызметтеріне салымшылар тарапынан қызығушылық артып келеді. Себебі олар тәулік бойы қолжетімді. Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есептеледі. 01.01.2025ж. мен 31.07.2025ж. аралығында Қор халыққа шамамен 27,9 млн қызмет көрсетті. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 15,6 млн-ы электрондық форматта, 11,4 млн қызмет автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,0%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға шамамен 565,8 мың қызметті жүзбе-жүз көрсетті, оның ішінде 555,1 мыңы тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды. Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын ("Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны – 1,0 млн.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысына ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан шамамен 17,2 млн үзінді көшірме берілді. Оның 14,3 млн-ы – электрондық, ал 2,4 млн қызмет автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты "БЖЗҚ" АҚ атына тиісті сұранысты

жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген жерінен тәулік бойына қолжетімді.

2025 жылдың қаңтар-шілде айларында деректемелерді өзгертуге 82,1 мың өтініш қабылданды. Оның 77,6 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында шамамен 29 613 көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған шамамен 608,2 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 25,9 мыңнан астам материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны 314,9 мыңға жетті.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.



ПОЧЕМУ НЕЛЬЗЯ ЖЕЧЬ ОСЕНЬЮ НА ДАЧЕ ТРАВУ И ЛИСТВУ: НЕСКОЛЬКО ПРИЧИН

Осенью многие дачники по привычке сжигают на участках сухую траву и опавшую листву. Однако эта практика может быть опасной и для природы, и для здоровья людей, напомнила эколог, директор фонда «Зеленая миссия» Ольга Лакустова.

По словам специалиста, слой опавшей листвы служит естественной защитой для растений: он предохраняет корни от промерзания в морозы. Если убрать этот «щит», возрастает риск, что деревья и кустарники не переживут зиму.

Не менее важно учитывать и экологические последствия. При горении выделяются дым и мелкие частицы, содержащие угарный газ, оксиды азота, канцерогенные соединения и остатки пестицидов. Все это загрязняет воздух и способно спровоцировать проблемы с дыханием.

Кроме того, осенние листья являются природным удобрением. Перегнивая за зиму, они обогащают почву органическими веществами, улучшая её качество и плодородие. Сжигание лишает землю этой естественной подпитки.

Особую опасность представляет попадание в костер бытового

мусора, особенно пластика. При его горении образуются полициклические углеводороды, способные вызвать респираторные заболевания даже при кратковременном контакте.

Лакустова также напомнила и о противопожарных правилах. Согласно действующему постановлению правительства, нельзя разводить огонь при сильном ветре, под кронами деревьев, на торфяных почвах, а также в период особого противопожарного режима. Разрешается сжигать траву и листья только в специальных емкостях, чаще всего металлических бочках. Костер необходимо потушить, залив водой или засыпав землей.

Под категорический запрет попадает сжигание резины, одежды, обуви, лакокрасочных изделий, а также предметов из стекла и металла.

Экологи призывают дачников отказаться от осенних костров и использовать листву как природное удобрение, что безопаснее и полезнее для участка.

По материалам gismeteo.ru, фото: © Shutterstock/FOTODOM.

Ұнды Фортификациялаудың Артықшылығы мен Қажеттілігі



Ұнды Қазақстанда фортификациялау халықтың денсаулығы мен еліміздің экономикасын нығайтуға мүмкіндік береді.

Фортификация дегеніміз не?

Ол ұнды тарту кезінде аз мөлшерде дәрумендер мен минералды (премикс деп аталатын витаминді-минералды кешен) қосу процесі.

Бұл өнімнің сапасы мен қоректілік құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Фортификация процесі кезінде жоғары және бірінші сұрыптағы бір тонна ұнға 150 грамм темір, мырыш қоспалары, фоллий қышқылы мен В-тобының дәрумендері қосылады.

Қоспа элементтері тағамдық сапаны арттырады, бірақ ұнның органикалық және басқа да қасиеттеріне әсерін тигізбейді, сонымен қатар жанама құбылыстарды да туғызбайды.

Фортификацияланған ұнның сақтау мерзімі 6 ай. Соңғы 50 жыл ішінде бұл әдіс кең таралған технологияға айналды, яғни 85 елде ұнды міндетті фортификациялау туралы заң қабылданды. Бидай әлемде аса өріс алған дәнді егіс, ал ұн көпшілік тұтынатын аса әмбебап және күнделікті өнім болып табылады.

Адамның күнделікті рационында нан ерекше орын алады. Мамандардың айтуынша, әлем халқы жыл сайын 400 млн. тоннадан артық ұн пайдаланады. Бидай мен қара бидай - В1, В2, В6, Е дәрумендерімен ниацин, темір, мырыштың көзі.

Осы себепте, бидай ұнының жоғары және бірінші сұрыптарын фортификациялау адам ағзасы үшін темір мен дәрумендер тапшылығының орнын толтыру мәселесін шешуде қолайлы, тез және экономикалық жағынан тиімді.

Адамның денсаулығына қауіпі бар проблемалардың бірі - ол ас үлесіндегі темір мен фоллий қышқылы сияқты дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі болады.

Анемияға әкеп соғады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, әлемде 2 миллиард адам анемияға ұшыраған. Қазақстандағы ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдердің 45 пайызы теміртапшылық анемиясымен ауырады.

Бұл өз кезегінде ана мен бала өлімі көрсеткіштерінің жоғарылауына, физикалық және ақыл-ой дамуының кешеуілдеуіне әсер етеді. Анемиясы бар әйелдер аз салмақтағы балаларды 30-40 пайыз жиірек босанады, барлық жүрек-қан тамыр, иммундық, эндокриндік, жүйке және басқа ағза мен жүйелер функциялары бұзылады, шала тууға, күтпеген түсік пен өлі тууға, нәрестенің дамуындағы туа біткен ақаулығы бас миының жоқтығы, ми жарығының пайда болуы, т.б. әкеп соғады.

Ал балаларды дене бітімі дамуындағы жетілмеуі, әлсіреген иммунитет, індет пен зиянды экологиялық факторларға тұрақтылықтың нашарлауына әкеледі. Әр адамның денсаулығы- өз қолында. «Ауырып ем іздегенше-ауырмайтын жол ізде» демекші, фортификацияланған ұнды күнделікті тұтынуды үрдіске айналдыруға мән бергеніңіз жөн.

А.Қ.ТАЖМАХАНОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінде дүкен сөрелерінде, интернет желіде ББҚ-дың өте көп түрлерін табуға болады. Биологиялық белсенді қоспалар (әрі қарай ББҚ) – тағам құнарын арттыру мақсатында қолданылатын табиғи тектес қоспалар. Ол мамандандырылған азық-түлік өнімдеріне жатады және дәрілік зат болып табылмайды. ББҚ-ды дәрі-дәрмектер орнына қолдануға болмайды. Дәрі-дәрмектерді аурудың алдын алу, емдеу үшін қолданса, ББҚ ферменттердің түзілуі үшін, адам ағзасындағы керекті дәрумендер мен минералдарды толықтыру мақсатында пайдаланылады.

Кеден Одағының 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің 26-бабына сәйкес мамандандырылған тамақ өнімдері, оның ішінде ББҚ-ның мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтері бірыңғай тізілімге (реестрге) енгізілуі керек. ҚР 07 шілде 2020 жылғы №360-IV ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 56-бабының 1-тармағында тағамға ББҚ жарнамасы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылатындығы көрсетілген.

Яғни Қазақстан Республикасының ДСМ-нің 2020 жылғы 27 қазандағы № 160/2020 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудағы және қадағалаудағы мемлекеттік тіркеуге жататын өнімдердің (тауарлардың) жарнамасын жүзеге асыру қағидалары» негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Тағамға биологиялық белсенді қоспаларды жарнамалау кезінде мынандай ақпараттар: сауда атауы, құрамы туралы, негізгі ұсынымдар, қолдану тәсілі мен дозасы, жанама әсерлері, қолдану тәсілі көрнекі және түсінікті болуы, өндірушінің атауы, мекен жайы және Қазақстан Республикасында наразылықтарды қабылдауға өндіруші уәкілеттік берген тұлғаның аты, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні



міндетті түрде қамтылу қажет. Барлық тағамдық қоспалар Қазақстанда міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады. ББҚ-ны сатып алғанға дейін тексеруді, яғни Кеден одағының сайтында мемлекеттік тіркеу куәлігінің бірыңғай тізілімінде тіркелуін тексеруді ұсынамыз, өйткені мемлекеттік тіркеуден өтпеген ББҚ-ны өткізу адамдардың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті. Сондықтан мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің бар екендігіне көз жеткізген жағдайда ғана ББҚ-ны пайдаланған жөн.

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

120 гидротехнических сооружений примут в государственность до конца года в РК

По инициативе Министерства водных ресурсов и ирригации акиматы областей разработали дорожные карты по принятию гидротехнических сооружений на баланс специализированных организаций по эксплуатации и управлению коммунальными гидротехническими сооружениями, передает агентство Kazinform.

Как отметили в пресс-службе Министерства водных ресурсов и ирригации, согласно данным дорожным картам, в текущем году на баланс предприятий планируется принять 120 гидротехнических сооружений, в 2026 году – 245, а в 2027 году – 465 сооружений. Помимо этого, планируется передача порядка 1937 гидротехнических сооружений из коммунальной собственности в республиканскую.

В соответствии с поручением Главы государства, на сегодня в регионах созданы и работают 16 специализированных организаций по эксплуатации и управлению коммунальными гидротехническими сооружениями. Из них 10 были

созданы в 2024-2025 годах. На данный момент на баланс специализированных организаций принято 872 объекта, выдано 283 единицы спецтехники, трудоустроены 1197 человек, из которых 310 человек получили работу в этом году.

- Новые учреждения были открыты в Акмолинской, Актобинской, Атырауской, Западно-Казахстанской, Северо-Казахстанской, Костанайской, Кызылординской, Павлодарской областях, а также в областях Абай и Жетысу. Главной задачей специализированных организаций является обеспечение безопасной эксплуатации гидротехнических сооружений, поддержание объектов в надлежащем состоянии и своевременное проведение ремонтных работ, – сообщил вице-министр водных ресурсов и ирригации Ерболат Ибрайханов.

По материалам Ж.Мухамедияровой, inform.kz,
фото: Министерство водных ресурсов и ирригации.

«ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МҮЛІК, ЖЕР ЖӘНЕ КӨЛІК» САЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Көлік салығы әртүрлі көлік құралдарының иелері үшін міндетті болып табылады. Төлемнен босатылған жекелеген санаттағы адамдар ғана ерекшелік болып табылады.

Бұл ретте салықты өткен жылдағыдай төлеу қажет,яғни 2024 жылға арналған төлем 2025 жылғы 1 сәуірге дейін жүргізіледі. Көлік салығы айлық есептік көрсеткіш (АЕК) негізінде есептеледі, ол 2024 жылы 7% - ға өсіп, 3 692 теңгені құрады (2023 жылы 3 450 теңге).

Салықтың нақты сомасын білу үшін қазақстандықтар түрлі онлайн-сервистерді пайдалана алады.

Салық міндетті екенін және төлемді кешіктіру көлік иелері үшін қарыз сомасының өсуіне әкелетін өсімпұл есептеледі. Әрі қарай, салық органдары сотқа жүгініп, тіпті шоттарды бұғаттауды, елден шығуға тыйым салуды, көлікті айыппұл тұрағына қою, жалақыдан, зейнетақыдан және басқа кірістерден ұстап қалуды қолдана алады. Бұл ретте қарызбен бірге жеке сот орындаушыларының қызметтерін де төлеуге тура келеді.

Естеріңізге сала кетейік, көлік салығы үшін қарыз мұрагерлерге беріледі. Сондықтан төлемді уақытында төлеп, кешіктіруге жол бермегеніңіз жөн.

Егер Қазақстан Республикасының аумағында Сізге тұрғынжайлар, ғимараттар, саяжай құрылыстары, гараждар, орынтұрақ орындары, құрылысжайлар, үй-жайлар және өзге де құрылыстар тиесілі болса, онда Сіз ол үшін салық төлеуге міндетті боласыз.

Мүлік салығын мүліктің орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 қазанына дейін төлеу қажет. Яғни, мысалы, 2024 жылға салынатын салықты 2025 жылдың 1 қазанына дейін төлеу керек.

Сонымен қатар, төлеуге жататын салық сомасын:

«Жеке тұлғалардың алдағы салық төлемдерін қарау және төлеу» сервисі арқылы, мемлекеттік кірістер комитетінің порталында;

«E-Salyq Azamat» мобильдік қосымшасында;

салық салынатын объектінің орналасқан жері бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасында;

екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары арқылы білуге болады;

«Қазпошта» АҚ кассалары;

төлем терминалдары арқылы да жүргізуге болады.

Бұдан басқа, «Каспий банкі» АҚ және «Халық банкі» АҚ мобильді қосымшаларын пайдаланушыларға PUSH-хабарламалар түрінде жолданады.

Арал ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

«ЧЕКТІ ТАЛАП ЕТІҢІЗ, ЖҮЛДЕНІ ҰТЫП АЛЫҢЫЗ»

«Amian» қосымшасын және берілген күні 24 сағаттан аспайтын кезкелген фискалдық чекті қосымшаға жүктесеңіз болды, сіз науқанға қатысушы болып шыға келесіз! Күн сайын 5 мың теңгеден 10 мың теңгеге дейін ұтыс ойыны қарастырылған.

Бұнымен қоса, тоқсанына бір мәрте Қазақстанның әр облысында қосымшаға жүктелген фискалдық чектер саны бойынша көшбасшы айқындалатын болады. Ол 100 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Күн сайын чекті талап етіңіз және нақты ақшаны, нақты ақшаны ұтып алыңыз!

Арал ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

